



Аты-жөні: Мектебі: Сыныбы:

Тел.нөмірі: +7 Ата-анаңыздың тел.нөмірі: +7
Т і г у с ы з ы ғ ы

Барлығы 100 ұнай, уақыты 100 минут

I. Талдау сұраулары ($12 \times 3 = 36$ ұнай)

- Өрнектің мәнін тап: $999 + 499 + 498 + 19 + 2 + 1 = [\quad]$.
A. 2015 B. 2008 C. 2017 D. 2018
- 2018 жылы 1-ші маусым жұма күні, онда 2018 жылы 1-ші тамыз аптаның қай күні? [\quad].
A. дүйсенбі B. сейсенбі C. сәрсенбі D. жұма
- 3-сыныпта барлығы 49 оқушы бар, ұлдардың саны қыздардың санынан 5-ке көп. Осы сыныпта неше ұл бар? [\quad].
A. 27 B. 44 C. 29 D. 22
- Нұрбол достарымен бірге 25 құмыра шырын сатып алды. Әр 5 бос шырын құмырасына тағы бір шырын айырбастап алуға болады. Олар ең көп болғанда қанша құмыра шырын сусынын іше алады? [\quad].
A. 25 B. 30 C. 31 D. 35
- 1, 2, 3, 5, 7, 1, 2, 3, 5, 7, 1, 2, 3, 5, 7, 1, 2, 3, 5, 7, ... сандар қатары берілген болса, 2018-ші орындағы санды табыңдар. [\quad].
A. 5 B. 3 C. 7 D. 2
- Барлық Қазақстандықтардың қазақша сөйлеуі мүмкін емес. Төмендегі тұжырымдардың ішінде қайсы тұжырым жоғарыдағы сөздің мағынасымен жақын келеді? [\quad].
A. Барлық Қазақстандықтар қазақша сөйлеуі мүмкін.
B. Барлық Қазақстандықтар қазақша сөйлемейді мүмкін.
C. Барлық Қазақстандықтар қазақша сөйлеуге міндетті.
D. Кейбір Қазақстандықтар қазақша сөйлейді.
- Үш түрлі шар бар: қызыл, ақ, сары. Ақ шар қызыл шардан 24-і артық, сары шар ақ шардан 18-і артық, сары шар қызыл шардың 7 есесіндей болған. Сары түсті шардың саны қанша? [\quad].
A. 49 B. 42 C. 6 D. 7
- Бір қауынның массасы және дәл осындай қауынның тағы бір жартысы 24 кг тартады. Бүтін қауынның массасын тап. [\quad].
A. 12 кг B. 8 кг C. 16 кг D. 9 кг
- Сыныпта 45 оқушы бар. Олар математика және физикадан олимпиадаларға қатысады. 15 оқушы математикаға да, физикаға да қатысады. 20 оқушы тек математикаға, 8 оқушы тек физикаға қатысады. Неше оқушы математикаға да, физикаға да қатыспайды? [\quad].
A. 15 B. 2 C. 3 D. 35
- Самат «zerdeli.kz» сөзін тақтаға 4 рет қайталап жазса, «е» әріпі неше рет қайталады? [\quad].
A. 2 B. 4 C. 8 D. 7
- Мадина әжесі мен атасына тәтті тағамдар дайындады: 7 кекс пен бауырсақ, 9 пирог пен кекс, 6 бауырсақ пен пирог. Барлығы қанша тәтті тағам болған? [\quad].
A. 9 B. 10 C. 11 D. 22

12. 3 жыл бұрын анасының жасы Майраның жасының 4 есесіндей болған. Биыл Майра 12 жаста, анасы биыл неше жаста? [].

A. 36

B. 24

C. 45

D. 39

II. Бос орын толтыру сұраулары ($12 \times 3 = 36$ ұнай)

1. Бір жәшік алманың жәшікпен қосқандағы салмағы 56 кг, алманың жартысы сатылғаннан кейін 31 кг қалған. Жәшіктің салмағы қанша килограмм? []

2. Төмендегі суретте бір ананастың салмағы қанша шиенің салмағымен тең? []



3. Математикалық ребустың ең кіші мәнін тап. (Мұндағы бірдей әріптер бірдей цифрлар, әр түрлі әріптер әр түрлі цифрларға сәйкес келеді. Әрбір қосылғыш неше әріптен құралса, сонша таңбалы санды білдіреді).

$$АЛ + ТЫН + САҚА = []$$

4. «Алтын сақа» олимпиадасының II турына қатысқан барлық оқушыларды қатар саны мен әр қатардағы оқушылар саны тең шаршы формасында сапқа тұрғызсақ, онда осы саптың ең сыртқы айнала қабатында 60 оқушы болар еді. Онда «Алтын сақа» олимпиадасының II кезеңіне [] оқушы қатысты.

5. Мектепшілік концертке біздің сыныптан үш оқушы қатысып, өнерлерін көрсетеді. Олардың екеуі өлең айтады, біреуі билейді. Айнұр мен Дана әр түрлі өнер көрсетсе, Елдос [] өнер көрсетеді.

6. $500 \times \square : 3 \times 2 + 18 = 2018$ өрнегіндегі, \square -ға қандай сан толтырылады? [].

7. Өрнектің мәнін тап: $2018 + 27 \times 28 - 28 \times 25 - 2018 = []$

8. Ұлу күн сайын қабырғамен 7 м жоғары өрмелеп шығады және түнде 4 м төмен түседі. Ол биіктігі 19 м үйдің төбесіне жерден бастағанда [] күнде жетеді.

9. Заңдылық бойынша қатардың келесі мүшесін тап: 1, 1, 2, 3, 5, 8, 13, [], ...

10. Егер тіктөртбұрыштың ауданы 12 см^2 , периметрі 26 см болса, онда осы тіктөртбұрыштың ұзындығы = [] см, ені = [] см болады.

11. Егер $Z = 0:40$; $R = E \cdot 2$; $D = 12:E$; $E = 28:7$; $L = D + E$ және $Z + E + R + D + E + L + I = 35$ – ке тең болса, онда $I = []$;

12. Жемістерден жасалған математикалық ребусты шеш. Баған және жол бойында бағалардың қосындысы берілген. Өріктің бағасы = [].

	АПЕЛЬСИН					13
	АЛМА					9
	КИВИ					25
	АНАР					18
	ҚҰЛПЫНАЙ					
	ӨРІК	13	11	15	26	

III. Есептеу сұраулары (28 ұнай)

1. Болат, Қайсар, Дәулет, Сабыр әрқайсысы төрт аспаптың (гитара, домбыра, қобыз, скрипка) біреуінде ғана ойнай алады. Төртеуінің әрқайсысы бір шетел (испан, неміс, француз, ағылшын) тілін біледі. Кім қай тілде сөйлейді және қандай аспапта ойнайды. Егер:
- Гитарада ойнайтын бала испан тілін біледі;
 - Қайсар скрипкада да, домбырада да ойнай алмайды, ағылшынша білмейді;
 - Болат ағылшынша білмейді, скрипка да, қобыз да тарта алмайды;
 - Немісше сөйлейтін бала қобыз тарта алмайды;
 - Дәулет французша біледі, бірақ скрипкада ойнамайды.
- (Кесте құру арқылы немесе басқа да тиімді тәсілдер арқылы көрсет) (10 ұнай)

2. Ребустың барлық мүмкін шешімін табыңдар. (10 ұнай)
(Мұндағы бірдей әріптің орнына бірдей цифрды, әр түрлі әріптің орнына әр түрлі цифрды қою қажет. Әрбір қосылғыш неше әріптен құралса, сонша таңбалы санды білдіреді).

$$\text{АЛТЫН} + \text{САҚА} = 12497$$

3. 5 теңгелік және 10 теңгелік монеталар арқылы 100 теңгені неше түрлі тәсілмен майдалауға болады? (Барлығы бірдей монета болса болады) (8 ұнай)

«Алтын сақа»
математикалық олимпиадасы аяқталды.